

ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісі туралы<*> Ескерту. Н.Қ. Есенғарин және А.А. Тілеубердин міндеттерінен босатылған - ҚРҰ-нің 1996.04.26. N 515 ~P960515 қаулысымен.

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 қаңтар N 49 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.27. N 357 қаулысымен. ~ P020357

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Басқа жұмысқа ауысуына байланысты Б.І.Ізтілеуов ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісі міндетінен босатылсын.

2. ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық үйлестірушісі міндеті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Н.Қ.Есенғаринге жүктелсін.

3. ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық үйлестірушісінің орынбасары болып Қазақстан Республикасының Экономика министрі А.А.Тілеубердин белгіленсін.

4. ТАСІС бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары өкілдерінің құрамында ТАСІС бағдарламасының Ұлттық үйлестірушісі жанынан Кеңес құрылсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне:
бір ай ішінде Кеңестің жеке құрамын белгілеп, ТАСІС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық үйлестірушісінің бекітуіне ұсыну;
ТАСІС бағдарламасы бойынша орындалатын жобаларды үйлестіру;

ТАСІС бағдарламасына кіргізу үшін Европалық Экономикалық Қоғамдастық белгілеген тәртіппен келісілген Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының өтінімдері бойынша жобаларды жинақтау мен іріктеу тапсырылсын.

6. ТАСІС бағдарламасын жүзеге асыруға қатысушы министрліктер, ведомстволар, облыстық /қалалық/ әкімшіліктер мен басқа да ұйымдар ТАСІС жобаларының жай-күйі мен орындалу барысы туралы Экономика министрлігіне есеп берсін.

ТАСІС бағдарламасының орындалу барысы және аталған бағдарламаға ұсыныстар туралы Экономика министрлігіне жарты жылда бір рет ақпарат беріледі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК